



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№22

(1864) Бейсенбі, 5-маусым 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ЕЛ МҰРАТЫ



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТУМАРЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Әнұран – егемендіктің басты нышандары. Олар елдің өткені мен бүгіні, болашаққа деген сенімінің бейнесі болып табылады. Жыл сайын 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтіп, бұл күн халықты елдік пен бірлікке үндейтін маңызды мерекеге айналған. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен шараға қатысып, «Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтереміз. Бабаларымыз «Туыңды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз»-деп мән-маңызы айрықша мереке екеніне тоқталды.



Сонымен қатар, Президент көк Туымыздың әлемдегі беделі зор екенін, оны альянстеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтергенін, спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарғанын, осындай жетістіктер Қазақстанның қуатты әрі жасампаз ел екенін көрсететіндігін баса айтты. Биыл да бұл күн ел ішінде кең көлемде атап өтіліп, түрлі деңгейдегі патриоттық шаралармен ерекшеленді. Мерекеге орай Жетісуда «Рәміздерім – мақтанышым!» Мемлекеттік Ту көтеру салтанаты өтіп, қала тұрғындары мен қонақтары, қоғам белсенділері қатысты. Мемлекеттік Гимн орындалып, көк байрағымыз көтерілгеннен кейін әскери оркестр бастауымен, Ту ұстаған жастар, әскерилер, спорт, мәдениет, білім саласының өкілдері, еріктілердің қатысуымен «Менің Туым»

патриоттар шеруі болды. Шеру барысында әскери үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен патриоттық марштар орындалды. Шеру орталық алаңдағы «Көк тудың желбірегені» патриоттық акциясына ұласты. Айта кетейік, аталмыш мереке қарсаңында мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданған қызметкерлердің ант қабылдау рәсімі, жастардың ұйымдастыруымен көпшілік орындарда блиц-сауалнамалар, Достық үйінде, С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада дөңгелек үстел, облыстағы мәдениет мекемелерінде танымдық сағаттар, поэзиялық кештер ұйымдастырылды. Жалпы, Мемлекеттік рәміздер күні аясында аудан, қалаларда түрлі форматта 100-ден аса шара өтіп, 8000-ға жуық адам қамтылды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ЖАРЛЫҚ

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

2022 жылғы 04 мамыр

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар:

1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.


6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2022 жылғы 3 мамыр
№887



ӘКІМШІЛІК
БӨЛІНІСІ:

Облыс 8 ауданнан және облыстық бағыныстағы 2 қаладан (қалалық әкімдіктер) тұрады:

1. Ақсу ауданы — Жансүгіров
2. Алакөл ауданы — Үшарал
3. Ескелді ауданы — Қарабұлақ
4. Қаратал ауданы — Үштөбе

5. Кербұлақ ауданы — Сарыөзек
6. Көксу ауданы — Балпық Би
7. Панфилов ауданы — Жаркент
8. Сарқан ауданы — Сарқан
9. Талдықорған қаласы
10. Текелі қаласы

84 ОТБАСЫ ҮЙЛІ БОЛДЫ

Жетісу облысында Халықаралық балалар күніне орай ауылдық жерлерде тұратын 84 отбасы баспаналы болды. Атап айтқанда, Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында және Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында кезекте тұрғандарға жаңа пәтердің кілті тапсырылды.

Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында жеке құрылыс салушылар есебінен көп қабатты үй салынып, бұл үй апатты үйлердің мәселесін шешу үшін бюджет қаржысына сатып алынды. Көп қабатты үйде 30 үш бөлмелі, 15-тен бір және екі бөлмелі пәтер бар. Сөйтіп апатты үйлердің тұрғындары ретінде кезекте тұрған 60 отбасы жаңа пәтерге ие болды.

Атап өтсек, облыс құрылғаннан бері Кербұлақ ауданында 320 отбасыға үй берілді. Бұл ретте биыл ауданда жоғарыда аталған 60 жаңа қоныс иесін қоса алғанда, 400-ге жуық отбасын тұрғын үймен қамту жоспарланған.

Мерекелік қуанышты Ақсу ауданы Жансүгіров ауылының тұрғындары да атап өтті. Мұнда 24 пәтерлі көп қабатты үйдің кілті кезекте тұрған әлеуметтік осал санаттағыларға, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға табысталды.

Осы орайда 3 жыл ішінде Ақсу ауданының Жансүгіров, Қалал және Матай ауылдарында 117 отбасы жаңа қонысқа кірді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУ - ӘР САЛЫНҒАН ШАРШЫ МЕТРДЕН БАСТАП БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚҚА АЙНАЛҒАН ӨҢІР

Облыс құрылғалы бері шамамен **1 миллион** шаршы метр тұрғын үй салынды



БАСПАНАМЕН ҚАМТЫЛҒАНДАР АРАСЫНДА



ЖАҢА ҚОНЫС - ЖАЙЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР

Талдықорған қаласында тұрғын үй кезекте тұрған әлеуметтік осал топтарға берілу үргісі сәтті жалғасып келеді. Мемлекеттік бағдарламалардың және демеушілердің қолдауымен тұрғын үймен қамту мәселесі оң шешімін табуға.

Жыл басынан бері әлеуметтік осал топта кезекте тұрған 102 көпбалалы отбасы үйлі болды. Жаңа тұрғын үй алабында 56 үй салынса, биыл 150 үй салу жоспарлануда. Соның арқасында өткен жылдың қорытындысы бойынша Талдықорғанда тұрғын үй кезегіндегілер саны 8,3% азайды. Жыл басынан бері 368 отбасы баспанаға қол жеткізді. Ал жыл соңына дейін қалада 1520-дан астам отбасы үйлі болады. Сөйтіп, облыс орталығында 2023-2025 жылдары кезекте тұрған 5 мыңға жуық адам тұрғын үймен қамтылады.

Данагүл МӘКЕН

Индира ҚЫБЫРАЕВА,
«Алтын алқа» иегері:
«Өз үйім – өлең төсегім» дегендей, пәтір кілтін иелендік. Кезегімізді он жылдан аса күттік. Баспаналы болу бақыты бұйырғандығына қуаныштымыз. Бұл балаларымыздың қуанышы. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасымен алып жатырмыз. Облыс және қала басшыларына алғысымыз шексіз.

Г. АБИЛХАМИЕВА:
«Үш балам бар, кемтар бала өсіріп отырғандықтан жайлы пәтер алу маңызды. Осыған дейін ұзақ уақыт пәтер жалдап тұрдық. Он үш жыл үй кезегін күттік. Жаңа пәтердің кілтін алғанымызға қуаныштымыз».

МӘДЕНИЕТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ 40%-ҒА ЖЕТТІ

Жетісу облысы құрылғаннан бері мәдениет, архив саласының штат саны 200 бірлікке артып, саланың инфрақұрылымын жаңарту 40 %-ға жетті. Өңірде айтулы мәдени жаңалықтар мол болды. Атап айтқанда, Талдықорғанда Ұлы Абайға ескерткіш, халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің, халық артисі Бикен Римованың және екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылды. Жетісу облысының филармониясына Қазақстанның халық әртісі, әнші-композитор Дәнеш Рақышевтің есімі беріліп, өнер иесі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Соңғы үш жылда өңірде 7 ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бірқатар ауылда мәдениет үйлері салынды.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының актері, көркемдік жетекшісі Сағындық Жұмаділге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Ал, Дәнеш Рақышев атындағы филармонияның, Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрінің бас концертмейстері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Талғат Оразаев «Ерен

еңбегі үшін» медалі, Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы музейдің директоры Рысжан Аязбаева «Құрмет» орденіне ие болды. Ұлтымыздың мәдени-рухани дамуына сүбелі үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне арналған салтанатты жиында Президент Бикен Римова атындағы драма театрға академиялық мәртебе беру қажет деп санайтынын, бұл қадам мәдениет мекемелерінің жұмысына тың серпін береріне сенімді екенін баса айтқан болатын.



Ерлік ЖУАСБЕК, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының директоры:

– Биыл Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры үшін ерекше жыл. Еліміздің мәдени-өнер кеңістігінде өз орнын қалыптастырған руханият ордасына 50 жыл. Бұл – жарты ғасырлық тарих, өнер жолындағы үлкен белес. Жағымды жаңалықтар легі артуда. Мемлекет басшысы жариялаған хабар күллі жетісулықтар, театр ұжымы үшін өте қуанышты жаңалық болды. Бұл мәртебе театрдың өнер саласындағы биік дәрежесін одан әрмен арттырып, әрі болашақ даму жолында жаңа мүмкіндіктер ашары сөзсіз. Мерейтой аясындағы марапат театр ашылған сәттен бері еңбек етіп келе жатқан елге белгілі аға-апаларымыздың жылдар бойғы төккен маңдай терінің жемісі деп білеміз. Жалпы 50 жылдық ғұмырында Би апамыздың атындағы театрдың жеткен жетістіктері орасан зор, атқарылған шарасы мол.

ЖЕТІСУДЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Биыл

9

мәдениет үйі



1

аудандық кітапхана салынып жатыр



2

мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтуде



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ӘР АУЫЛДА ТАЗА СУ

2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН

100% АУЫЛ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН

ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ 694 200 ТҰРҒЫН

ТАЗА АУЫЗ СУ ІШІП ОТЫР

2022-2024 ЖЫЛДАРЫ 420,5 КМ СУ ЖЕЛІСІ

ЖАҢАРТЫЛДЫ

ЗАРАБОТАЛИ 46 НОВЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРОИЗВОДСТВ

В области Жетісу выпуск промышленной продукции увеличился с 297,4 млрд тенге в 2022 году до 347,3 млрд тенге в 2024 году (16,8%), в том числе в обрабатывающей промышленности - с 241,7 до 264,3 млрд тенге (109,3%). Ее доля в общем объеме промышленности достигла 76%.

За эти годы введено в эксплуатацию 46 новых и расширено 9 действующих промышленных производств, создано более 1 тысячи рабочих мест.

В том числе, в Талдыкоргане запущено производство ТОО «Айсұлу» тігін фабрикасы», филиалы фабрики работают практически во всех районах области. На предприятии открыт учебный класс для подготовки специалистов с дальнейшим трудоустройством. Расширено производство керамической плитки за счет запуска второй и третьей производственных линий

ТОО «Алмаз Керамикс». В прошлом году возобновил работу завод по производству подсолнечного масла «Агрокомплекс Жетісу Мажиго». Построен и запущен современный завод по выпуску промышленных аккумуляторов ТОО «Asma Industrial». Открыты производство пластиковых труб, фибробетонных фасадных панелей, моющих средств, газоблоков.

В Ескельдинском районе налажено производство мраморного кальцита и мраморной муки, в Панфиловском районе - производство солнечных панелей.



ПРОИЗВОДСТВО СОЯ - СТРАТЕГИЧЕСКИЙ БЕЛОК ДЛЯ КОРМОВОЙ ОТРАСЛИ

В Коксуском районе работает предприятие, которое незаметно, но стабильно вносит весомый вклад в экономику области и страны в целом. Это завод по переработке сои — ТОО «Уыз Май Индастри», которым с 2023 года руководит опытный производственник Дмитрий Деренюк. К слову, Дмитрий Владимирович работает на предприятии с 2012 года, был энергетиком, затем инженером.

По словам директора завода, основана компания в 2009 году. В первую очередь было поставлено голландское оборудование для переработки сои. Запустилась линия в конце того же года. В 2010 году произошло расширение производства — поставили линию для получения соевого масла и соевого шпрота.

- Масло используется и в кормовых целях, и в пищевых после дополнительной обработки. Шпрот используется только в кормовых целях. Основные наши клиенты — птицефабрики и комбикормовые заводы как Казахстана, так и Узбекистана, Таджикистана, Кыргызстана. Масло идет на экспорт и в Китайскую Народную Республику. Именно в Китае из нашего масла после дополнительной обработки получают продукцию для использования в пищу. На нашем же заводе нет стадий дополнительной обработки для получения пищевого масла. Впрочем и казахстанцы больше потребляют подсолнечное масло нежели соевое, - рассказывает Дмитрий Деренюк.

Мощность завода — 80 тысяч тонн сои в год. В 2022 году на предприятии проведена реконструкция, и если раньше в сутки перерабатывалось 200 тонн сои, то теперь 300 тонн. Сейчас завод работает не на полную мощность, перерабатывается порядка 40-50 тысяч тонн культуры в год. На текущий год запланировано 45 тысяч тонн.

- Все зависит от того, сколько крестьянские хозяйства сажают сою, потому что основной поставщик сырья — это все-таки крестьянские хозяйства нашей области. Именно у нас хорошо произрастает эта культура. Но из-за того, что сырья бывает мало, мы также приобретаем ее в Российской Федерации — привозим из Липецкой, Иркутской областей, с Дальнего Востока. Такая тенденция происходит последние четыре года, хотя раньше сою поставляли только местные земледельцы. Причина в том, что они стали больше сеять сахарной свеклы, на это есть и специальная госпрограмма. Тем не менее, соя также остается востребованной культурой, и мы в свою очередь встречаемся с крестьянами, проводим семинары, обсуждаем двухсторонние планы, - продолжает директор завода.

Важный принцип работы предприятия — качество и чистота сырья. Вся поступающая соя проверяется в лаборатории на ГМО, сортность и влажность. В случае выявления генномодифицированного продукта, он возвращается поставщику. Соя хранится в пяти силосах вместимостью по 2,5 тысячи тонн и полностью в складе на 10 тысяч тонн. Более влажная культура сразу идет на переработку, чтобы не испорти-



лась во время хранения.

Процесс переработки сои, в основном, включает очистку, измельчение, термическую обработку, отжим масла и получение жмыха. Это может быть как механический процесс с использованием прессования, так и экстракция масла с помощью растворителей, после чего получают соевый шрот.

- Кроме сои, наше предприятие технически готово к переработке подсолнечника, рапса, сафлора, но их практически не сеют в регионе. Поэтому работаем на более востребованной культуре. Соя — это стратегический источник растительного белка, необходимый для роста мышечной массы, к примеру, той же птицы. Мы сотрудничаем с десятками предприятий, в том числе с «Апель Агро», «Прима Кус», «Алатау-кус», «Шымкент кус», Уральская птицефабрика, «БМ Агропродукт», «Казгер-Кус», Восточный мукомольный завод и другие. География по клиентам у нас довольно широкая, - добавляет Дмитрий Деренюк.

На предприятии трудятся от 80 до 120 человек. В основном это жители поселка Балпык би и окрестных сел. Инженерно-технический персонал приезжает из города. Завод работает круглогодично, с перерывами на техобслуживание и ремонт.

Собственный автопарк из 16 единиц техники и железнодорожный тупик обеспечивают бесперебойную логистику. Примерно 80% продукции отправляется вагонами, остальные — автотранспортом.

Особое внимание уделяется экологии. Предприятие использует уголь, но соблюдает все нормы: установлены системы улавливания выбросов, регулярно проводятся анализы воздуха и почвы. Нарушений не зафиксировано.

В целом, завод ТОО «Уыз Май Индастри» является примером устойчивого производства, ориентированного на экспорт, и демонстрацией того, как локальное предприятие может занять стратегически важное место в агропромышленном комплексе Казахстана.

МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС ОТ РОЗНИЧНОЙ ТОРГОВЛИ ДО ПРОИЗВОДСТВА БЛОКОВ

Строительный рынок всегда отличается широким выбором материалов, необходимых для возведения различных объектов. Однако среди множества предложений особое внимание в последние годы привлекают сплитерные блоки. Они становятся неотъемлемой частью строительства дачных домов, гаражей, хозяйственных построек и ограждений частных территорий. Одной из компаний, успешно работающих в этом направлении, является ИП «Строй инструмент», который в 2019 году под руководством Бауржана Нуржигитова начал производство сплитерных и полистиролбетонных блоков.

Бауржан Нуржигитов, предприниматель с богатым опытом, начал свою деятельность еще в 2006 году, открыв магазин по продаже электротоваров. Уже с первых шагов в бизнесе он проявил стремление к расширению своего дела. Решение открыть второе направление — производство блоков было логичным шагом в развитии его бизнеса.

Ведя успешно дело в сфере розничной торговли электротоварами, предприниматель понял, что на строительном рынке существует не только потребность в качественных строительных материалах, но и недостаток таких блоков, которые бы сочетали высокую прочность, долговечность и доступность. Так и родилась идея создания сплитерных и полистиролбетонных блоков, которые идеально подходят для строительства различных объектов.

Так, сплитерным называют пустотелый блок без днища. Их изготовление осуществляется методом виброформовки. Материал отличается такими отличительными качествами, как: значительная прочность, стойкость к резким изменениям температур и воздействию влаги, способность выдерживать многочисленные циклы замораживания и оттаивания, привлекательный внешний вид. Полистиролбетонные блоки сочетают в себе достоинства бетона (прочность), древесины



(легкость обработки) и пенополистирола (высокие тепло- и звукопоглощающие свойства). Полистирол обладает отличными теплоизоляционными показателями.

В 2024 году, обратившись в АО «Народный Банк Казахстана» за финансированием для расширения деятельности по производству стеновых блоков, предприниматель получил кредит в рамках «Единой комплексной программы», с применением инструмента субсидирования Фонда «Даму».

Начав с небольшого производства, компания зарекомендовала себя как надежный производитель сплитерных и полистиролбетонных блоков. Основное внимание в процессе производства уделяется соблюдению технологий, выбору качественного сырья и строгому контролю на каждом этапе производства. Такой подход позволил компании не только завоевать доверие местных покупателей, но и постепенно расширить географию поставок.

Сегодня ИП «Строй инструмент» продолжает уверенно шагать в будущее, расширяя производство и улучшая свои предложения, а Бауржан Нуржигитов служит примером того, как упорством и предпринимательским чутьем можно добиться успеха в конкурентной и динамичной строительной отрасли.

ХЛЕБ ПОД ТОРГОВОЙ МАРКОЙ «АЛТЫН ЕМЕЛ»

Производство муки и выпечка хлебобулочных изделий остается привлекательным делом, так как важнейшим продуктом питания является хлеб и спрос на него будет всегда.

Компания из области Жетісу ТОО «Sardar Export» создана в 2012 году, находится на территории города Талдыкорган. Предприятие занимается переработкой зерна, производством муки высшего, первого и второго сортов под торговой маркой «Алтын емел», мощностью до 50 тонн муки в сутки. Также имеет пекарню по производству хлеба и хлебобулочных изделий, мощностью 25 тысяч единиц хлеба в сутки.

Все оборудование предприятия зарубежного происхождения: Россия, Италия, Турция. Ассортимент комбината разработан с учетом самых разнообразных предпочтений покупателей.

В целях расширения цеха по производству хлеба и хлебобулочных изделий компания получила кредит в АО «Народный Банк Казахстана» под 8%. В рамках программы «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 гг.» по инструменту субсидирование была снижена процентная ставка по кредиту, а также была предоставлена гарантия Фонда «Даму».

На сегодня хлебокомбинат с торговой маркой «Алтын емел» обслуживает более 450 торговых точек в городе Талдыкорган, моногороде Текели и близлежащих селах Ескельдинского и Коксуского районов.

Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА



ГАЗДАНДЫРУ ІСІ ҚАРҚЫНДЫ

«Жетісу облысын 2030 жылға дейін кешенді газдандыру» өңірлік кестесін іске асыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бағдарлама аясында табиғи газға 358 елді мекеннің 192-сін қосу көзделіп отыр.

Жетісу облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейсбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жыл аяқталғанша Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейін 101, Панфилов ауданының 25, барлығы 500 мың тұрғыны бар 126 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. Осындай ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде аймақты газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетеді. Қазіргі таңда 84 елді мекен газдандырылған, бұл жоспарланған көрсеткіштің 58,2%-ын құрайды. Яғни, 400 мыңнан аса адам көгілдір отынға қол жеткізіп отыр.

Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғанға дейін тек 210 мың адамы бар 5 елді мекен немесе облыс халқының 29%-ы ғана газдандырылған болатын. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 63 елді мекен немесе облыс жұртшылығының 56%-ы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін қалған 42 елді мекен табиғи газға қосылады деп күтіліп отыр.

Газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының елді мекендерін газға қосу жоспарлануда. Бүгінгі таңда құны 131,7 млрд. теңге болатын «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жобада ұзындығы 302,0 шақырым, 6 АГТС орнатумен магистральдық газ құбырын салу көзделген, бұл 124 мың тұрғыны бар тағы 66 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Тапсырыс беруші – «Ин-



тергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы, мердігер «Asia Caspian Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, құрылыс жұмыстары өткен жылдың тамыз айында басталған.

Қазіргі уақытта құбырдың дайындығы 97%-ды құрайды. Сонымен бірге 6 автоматтандырылған газ тарату станциясын орнату ісі басталды. Бұл жұмыстар биылғы жылдың қазан айында толық аяқталады деп күтіліп отыр. Сонымен бірге Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 124 мың адамы бар 66 елді мекенді газдандыру бойынша жобалар әзірлеу жұмыстары жүруде. Сараптама қорытындысы осы жылдың қыркүйегінде шығарылады деп жоспарлануда. Жобалау ұйымы – «Қазақ Энергетика және байланыс ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жұмыс жеке инвестициялар есебінен іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың нәтижесінде 642 мыңнан аса облыс тұрғындары немесе жалпы халықтың 92%-ы көптен күткен көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа кенеледі. Жалпы, аймақтағы газдандыру мәселесі тұрақты бақылауда.

Жалпы, 2028 жылға қарай Жетісу облысында газдандыруға жататын 192 елді мекенге толықтай газ тартылады. Соның арқасында 624 мыңнан астам тұрғын немесе өңір халқының 91%-ы көгілдір отынға қол жеткізе алады.

Осылайша талдықорғандықтардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған газдандыру жұмысы әкімдік тарапынан алдағы уақытта да жалғасады.

ТАЛДЫ ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫ

Талдықорған қалалық қоғамдық кеңесінің 4-ші отырысы өтіп, оның күн тәртібіне шаһарымыздың тыныс-тіршілігіне қатысты маңызды үш мәселе қойылды. Нақтырақ айтқанда, Талдықорған қаласы әкімінің атқарған жұмыстары, Талдықорған қалалық мәслихатының «2024 жылғы 24 желтоқсандағы «Талдықорған қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» №29-174 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» және Талдықорған қаласының мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және өткізу туралы мәселе қаралды.



Кең байтақ еліміздің қалалары мәртебесіне сай тұрақты даму үстінде. Әр шаһардың атауы аталып, түсі түстелгенде көз алдына келбеті де елестей жөнеледі. Әсіресе, жерұйықты өлкенің орталығы – Талдықорған қаласына тамсанбайтындар кемде-кем. 200 мыңнан астам тұрғыны бар қаланың бүгінгі дамуы ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеде. Спорттық нысандар салынып, шағын аудандар қатары көбейді. Биыл «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерді жобалау және салу, жаңғырту» бағдарламасы аясында 7 функционалдық топ бойынша жобалық-сметалық құжаттама даярлауға – 15 424 мың теңге көзделген. Күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе туралы баяндама жасаған қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, қаражаттың басым бөлігі «Береке» коттедж қалашығында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын жүргізуге, Бас жоспарға сай абаттандыруға, Ынтымақ ауылының тұрғын алабында көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын жүргізуге сараптама жасауға, Гимнастика залының құрылысын жүргізуге, Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданының жылумен жабдықтау желілері құрылысына, Талдықорған қаласының тыныс-тіршілігін басқару орталығы құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасын даярлауға және «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы аясында көзделген шараларды атқаруға бөлініп отыр. Оның ішінде ескерткіштерді, саябақтарды қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары мен аулаларды абаттандыру ісі де бар. Бұдан басқа азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге – 5 042 733 мың теңге, бюджеттік кредит түрінде тұрғын үй сертификаттарын беруге – 20 000 мың теңге, Береке көшесі мен Өтенай кентіндегі Еңбекші көшесінің бойындағы тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеуге – 19 200 мың теңге қарастырылған. «Мәдениет, спорт, туризм ақпараттық кеңістік» 8 функционалдық топ бойынша – 30 384 мың теңге. «Көлік және коммуникация» 12 функционалдық топ бойынша барлығы – 1 285 789 мың теңге қаражат көзделген. Екінші мәселе бойынша баяндама жасаған «Талдықорған қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысы Қайрат Мәженов Жетісу облысы мәслихаты сессиясының 2025 жылғы 28 мамырдағы шешіміне сәйкес, кейбір бағдарламалар бойынша қала бюджетінің көлемі – 8 237,6 млн. теңгеге көбейгенін, сонымен қатар, кейбір түрлері бойынша шығыстар – 2 074,0 млн теңгеге азайғанын, нақтылау нәтижесінде қала бюджеті – 6 163,6 млн теңгеге ұлғайғанын атап өтті. Екі мәселе бойынша баяндамашылардан сауалдарына толыққанды жауап алған қоғамдық кеңес мүшелері үшінші мәселеде аяғы тұсалған аттай болғаны жасырын емес. Яғни, қаламыздағы орта білім берумен айналысатын 27 жалпы орта білім беретін мектептерден оқу жылын аяқтаған 35850 баланың жазғы демалысын тиімді өткізу мәселесі әлі де өзекті күйінде. Себебі, ол балалардың 1586 ғана ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде қала сыртындағы лагерлермен қамтылады. Оған облыстық бюджеттен 106 млн. 252 мың теңге қарастырылған. Қалған 27 мың 564 оқушы мектеп жанындағы лагерлер мен жазғы аландарда танымдық, спорттық, шығармашылық бағыттағы үйірмелерге қатысады, танымдық экскурсияларға барады. Мектеп жанындағы лагерлерге баратын балаларға сусын да, тамақ та берілмейтіні өкінішті, әрине. Бюджет қаражаты оған қарастырылмаған. Қоғамдық кеңес мүшелері Талдықорған қаласының мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және өткізу туралы баяндама жасаған «Талдықорған қаласының білім бөлімі» ММ басшысы Шынар Шәріпбаеваға және кеңес отырысына арнайы қатысқан Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымовқа балалардың жазғы демалысын лайықты ұйымдастыруға қатысты пікірлерін айтып, ойларын ортаға салды. Дегенмен, баяндамаға арқау болмаса да қала аумағында жазғы демалыс лагерлерін ашуда сең қозғалғандай. Мәселен, қала аумағындағы бұрынғы «Күншуақ» сауықтыру-емдеу орталығы демалыс лагері ретінде қайта құрылымдалуда. Сонымен қатар кезінде ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен лагерлерді қайтарып алу ісі ақырындап қолға алына бастаған. Бірақ, кезінде тиынға сатып алған демалыс орындарын ақылға сыймайтын қаржыға қайта саудалап, «майшелпектен» ажырағысы келмей отырғандар ел болашағы саналатын балалардың бүгінгі күйіне бастарын қатырғысы да келмейді. «Ел боламын десек, бесіңді түзе» деген, балаларға бүгін лайықты қамқорлық көрсетсек, ертең оның қайтарымы болары сөзсіз. Осыны жадымыздан шығармасақ екен.

Гүлжанат НҰРШАНОВА





ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН
81 ЕЛДІ МЕКЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ
АЛҒАШҚЫ КӨМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН КЕЛЕСІ АУЫЛДАРДА 1200 ОРЫНДЫ
ЖАҢА МЕКТЕПТЕР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ:

- АЛАКӨЛ АУДАНЫ ДОСТЫҚ АУЫЛЫНДА
- АҚСУ АУДАНЫ КӨЛТАБАН АУЫЛЫНДА
- ПАНФИЛОВ АУДАНЫ ТАЛДЫ АУЫЛЫНДА
- КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ КӨКСАЙ АУЫЛЫНДА



ОБЛЫСТАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСТАРЫНА
ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ОҢ БАҒА БЕРДІ. ҮЛГІ РЕТІНДЕ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЫНТЫМАҚ
АУЫЛЫНДАҒЫ №30 МЕКТЕП АТАЛДЫ

ОБЛЫСТА "ӘДЕП-ҚҰҚЫҚ ЖҰМЫСЫ ӨНІНДЕГІ
МЕНТОР ЖОБАСЫ" ҚОЛҒА АЛЫНЫП,
9 БАҒЫТ БОЙЫНША 108 МЕНТОР
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



ОБЛЫС ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН ӨҢІРДЕ 53 10 ОРЫНДЫ
15 ЖАҢА МЕКТЕП ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ




3 ЖЫЛ ІШІНДЕ БЕЙІМДЕЛГЕН
МЕКТЕП САНЫ 69-ДАН 39-ҒА
ҚЫСҚАРДЫ

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫНДА «ЖАЙЛЫ
МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ
АЯСЫНДА 1200 ОРЫНДЫҚ
МЕКТЕП АШЫЛДЫ



ӨҢІРДЕ ҮШ ЖЫЛДА 270 ӘЛЕУМЕТТІК
НЫСАН ЖАҢАДАН САЛЫНЫП, ЖӨНДЕЛДІ.
НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ САЛАСЫ
НЫСАНДАРЫНЫҢ 41,2% ЖАҢАРТЫЛДЫ



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАЛАЛАРДЫҢ ҚУАНЫШЫ МЕН КҮЛКІСІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Балаларды қорғаудың халықаралық күні биыл кең көлемде аталып өтілді. Айтар болсақ, еліміз бойынша, 2025 жылы балалық отбасыларды әлеуметтік қолдауға 1,7 трлн. теңге бөлінді. «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы аясында 7 млн-ға жуық баланың бөлшегіне ақша аударылды. Буллингтің 145 жағдайы анықталып, 21 мың сайт бұғатталды.

Бұл күн аясында облысымызда балаларға қуаныш пен шаттық сыйлаған бірқатар танымдық, мәдени және спорттық шараларға басымдық берілді. «Балалар игілігі – қоғамның болашағы» атты іс-шаралар онкүндігі өтті.

Онкүндік Отбасы және тәрбие күнінен басталып, өңірдің барлық мектептерінде «Әкем – тірегім, анам – жүрегім» атты кездесулер өтті. Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында TED-Talk және панельдік сұхбат форматында ата-аналар тәрбие бағытындағы тәжірибе бөлісіп, оқушыларға сенім мен өзара құрметтің үлгісін көрсетті. Іс-шаралардың келесі бөлігі құқықтық сауаттылықты арттыруға және қоғаммен байланысты нығайтуға арналды. Атап айтқанда, полиция мен прокуратура қызметкерлері 7-10-сынып оқушыларымен профилактикалық әңгімелер өткізді. Сондай-ақ «Қауіпсіз маршрут, қауіпсіз аула» акциясы аясында 1-7-сынып оқушылары жол қозғалысы ережелерімен және қоғамдық орындағы тәртіп ережелерімен танысты. Денсаулық және сергектік күні аясында спортшылар мен 8-10-сынып оқушыларының бірлескен таңертеңгілік жаттығулары өтті. Денсаулық жайындағы дәрістерде балаларды топқа бөліп, дәрігерлер мен психологтар жасөспірімдермен әңгімелесулер жүргізді. Кездесулер ерте жүктіліктің алдын алу, темекі шегудің, алкоголь мен есірткінің зияны және басқа да өзекті мәселелерге арналды.

Балалардың жеке даму мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Мәселен, мектептегі өзін-өзі басқару белсенділерінің, пікірсайысқа қатысушылардың және түрлі қоғамдық ұйымдардың қатысуымен дөңгелек үстелдер өтті. Денсаулық жайында балалар түрлі тақырыптар бойынша пікір алмасты. Оқушылар «#МеніңДауысым» бейнелендігі аясында өздерінің қоғамға деген үндеуін жолдады.

Ал Кибер қауіпсіздік және цифрлық сауаттылық күні аясында Jetisu digital IT-Hub, колледждер мен ХҚКО ғимараттарында ашық есік күндері ұйымдастырылды.

Жетісу облысы білім басқармасының бастамасымен қала мектептерінен 100-ден аса оқушылар үшін арнайы экскурсиялар ұйымдастырылды. Олар Қаратал ауданындағы К.Тоқаев мұражайына, Ақсу ауданындағы Тамшыбұлақ шипажайына және Кербұлақ ауданындағы



Шоқан Уәлиханов атындағы мемориалдық мұражайға саяхат жасап, тарихи-мәдени мұралармен танысуға мүмкіндік алды.

Қала әкімдігі, білім бөлімі, мәдениет және спорт бөлімдерінің қолдауымен «Балдәурен балғын шақ» атты мерекелік шарада балалар интеллектуалды ойындарға қатысып, қыш құмыра жасау және ұлттық ойындармен айналысты. Сондай-ақ, шеберлік сабақтар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасалды.

«Жастар» және «Жеңіс» саябақтарында «Өлем сұлулығы балалар көзімен» атты асфальтқа сурет салу байқауы мен «Бақытты балалық шақ» атты пленэр өткізілді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері үш доңғалақты велосипед жарысына қатысып, «Ертегі әлемі» атты сахналық қойылымдарды тамашалады. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында «Жүзден жүйрік» эстафетасы, волейбол және ұлттық ойын түрлерінен жарыстар өтті. Қала тұрғындары мен қонақтары үшін байланыссыз жануарлар бағы, «Шебер жас техниктер» бұрышы және «Бақытты балалық шақ» атты тақырыптық кітап көрмелері де көпшіліктің назарына ұсынылды.

Ал жағажайдағы салтанатты шараның шымылдығын қала әкімі Ернат Бөзіл ақжарма тілегімен ашып, барша қала тұрғындарын, балаларды төл мерекелерімен құттықтады.

Шара барысында қаламыздың кішкентай өнер жұлдыздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Айта кетейік, кешкі бағдарламада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған дәстүрлі «Балдәурен-2025» балалар шығармашылық байқауының ақтық кезеңі ұйымдастырылды. Кәсіпкерлердің «Business Fest-2025» фестивалі де өткізілді. Балаларды қорғау күніне орай, қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «LOLO LAND» балалар ойын-сауық орталығында ерекше мәнге ие «Ғажайып әлем» атты мерекелік шараны ұйымдастырды. Аталмыш шараға 150-ге жуық ерекше күтімді қажет ететін бала қатысып, оларға арнап мерекелік дастарқан жайылып, көңілді ойын-сауық бағдарламалары ұсынылды.

Данагүл МӘКЕН

САЛАУАТТЫ ӨМІР

30 СПОРТ НЫСАНЫ ЖАҢАДАН САЛЫНДЫ

Жетісу облысы құрылғалы бері 30 спорт нысаны жаңадан салынып, 3-еуі күрделі жөндеуден өткізілді. Осылайша үш жыл ішінде спорт саласының инфрақұрылымын жаңарту деңгейі 55,8%-ға жетті.

Атап айтқанда 2022-2024 жылдар аралығында елді мекендерде 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 7 спорт кешені, 2 күрес залы, 10 блок-модульді спорт кешені, 2 футбол манежі, 2 ангар үлгісіндегі спорт кешені, мұз

аренасы, стадион, спортшыларға арналған тұрғын үй, үстел теннисінің орталығы, волейбол орталығы және волейболшыларға арналған тұрғын үй салынды.

Өңірдің спорт кластерін толықтырған тағы бір заманауи нысан – Талдықорғанда инвестордың қаражаты есебінен салынған облыстағы тұңғыш үстел теннис орталығы.

Қысқы спорт түрлерін дамытуда мақсатында 2024 жылдың басынан Талдықорған қаласының №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде керлинг, шорт трек және шайбалы хоккей бойынша бөлімшелер ашылды. Сонымен қатар сәуір айында Талдықорған қаласының №1 ОРМБЖМ-сында және Ескелді, Көксу аудандарының спорт мектептерінде шайбалы хоккей спорт түрінен бөлімшелер ашылды.

ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Жаннұр ӘБІШЕВ,
«Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы:

– Спорттық инфрақұрылымды дамыту азаматтардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдану қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Осы орайда облыста қазіргі таңда айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде балалар мен жасөспірімдер спортына да ерекше мән беріліп келеді. Оның айғағы бокс және дзюдо бойынша олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық, олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғарғы спорт шеберлігі мектептері, волейбол, хоккей, ұлттық спорт түрлерінен клубтар жұмысын жүргізді. Бұл жастардың дене тәрбиесін жетілдіріп қана қоймай, ерік-жігерін, мінез-құлқын, тәртібін де қалыптастыратын маңызды құрал болып саналады.



БАЛАЛАР ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢДАРЫ



76
жаңа алаң
биыл
абаттандырылады

197 алаң
абаттандырылды

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҰЛТ АРЫСТАРЫНА ТАҒЫМ

Талдықорғандықтар 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде ақиық ақын Ілияс Жансүгіров ескерткіші алдына жиналып, жандары жазықсыз құрбан болған қазақ зиялыларының рухына бас иіп, тағым етті. Жетісу облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт шараның шымылдығын ашып, қазақ арыстарының ұлт үшін жасаған ерен еңбектері мен ұрпаққа қалдырған рухани мұралары жөнінде ой бөлісті. Жиналған қауымның қатарында шараға қатысқан саяси партиялардың Жетісу облыстық филиалдарының төрағалары, ілияс-танушылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ардагерлер мен жастар 30-шы жылдары саяси қуғын-сүргіннің салдарынан жазықсыз қудалауға түсіп, ел мен жер үшін жандарын қиған азаматтардың есімдерін ұлықтап, ұрпаққа үлгі болар істері туралы айтты.

Өз тілшіміз



ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АБАТТАНДЫРУ

Қала әкімі Ернат Бәзіл қала аумағында қорқынды жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен «Бірлік» шағын ауданында қызу жүріп жатқан сквер құрылысының барысымен танысты. Бұдан кейін көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын бақылап, «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябақтың жұмыс барысын бағамдады.

Қала әкімі жауапты мердігерге жұмыс қарқынын бәсеңдетпей, сапаға ерекше мән беру қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан «Ұлан», «Жұлдыз» және «Жетісу» шағын аудандарына барып, бірқатар мәселелерді пысықтады.

Одан бөлек, Ернат Дүйсенбекұлы іргетасы қаланып жатқан көркем гимнастикаға арналған спорт

кешенінің құрылыс алаңында болып, жобаның жүзеге асу барысын көрді.

Жұмыс барысында қала басшысы 4 шақырымды құрайтын орташа жөндеу жұмыстары қызу басталған Рүстембеков және Гагарин көшелеріне барып, жөндеу барысында барлық техникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Еске салсақ, биыл қала бойынша 70 шақырымнан аса жол ретке келтірілмек. Оның ішінде 22,2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

«Құлагер», «Бірлік» шағын аудандары, «Жастар-1» және «Солтүстік-Батыс» тұрғын үй алаптарында жалпы ұзындығы 53,9 шақырым болатын жаңа жол құрылысы басталды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» – ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Талдықорғанда жалпыреспубликалық «Халық заңгері» акциясы өтті. Атом-мыш шара азаматтарға тегін заң көмегін көрсетуге бағытталған. Сондай-ақ, халықтың барлық топтары үшін заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету, құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық мәдениетті насихаттау және заң жүйесіне деген сенімді орнату.

Биылғы жылы құқықтық мәдениетті, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыру және құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін

қоғамдағы «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілетуге баса назар аударылды. Акцияға орталық мемлекеттік органдар, аумақтық бөлімшелер, жергілікті мемлекеттік органдар мен облыстың құқықтық қоғамдастықтары, адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары мен заң консультанттары қатысты. Қызметкерлер заң, құқық төңірегінде туындаған сұрақтарға және шешілмеген даулар бойынша 100-ден аса тұрғынға консультация беріп, көмек көрсетті. Облыстық Әділет департаментінің басшысы Ержан Еркенов «Бұл шара облысымыздың барлық аудан-қаласында бір мезгілде ұйымдастырылуда. Акция нәтижесі өте жоғарғы деңгейді қам-тып отыр. Сондықтан жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі»- деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

«ДАНА ЕНЕ, ДАРА КЕЛІН» САЙЫСЫ

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында Өтенай ауылдық мәдениет үйінде «Дана ене, дара келін» атты көреген ене мен ибалы келіндер сайысы өтті.

Сайыстың негізгі мақсаты – шаңырақтың шайқалмауын насихаттап, ене мен келін арасындағы ауызбірлікті сақтауға үлес қосу. Сайыс шарты бойынша, халқымыздың салт – дәстүрі, әдеп-ғұрпын білу, ұлттық тағам түрлерін әзірлеу, ісмерлік пен қолөнер шеберліктерін қаншалықты меңгергенін көрсету болып табылады. Ең бастысы әр отбасындағы ене мен келін орнының маңызын, отбасының ұйытқысы екендігін ұғындыру болды. «Сұлуғаз» әжелер ансамблінің жетекшісі, 80 жастағы Иешова Гүлшекер Медешқызы осы сайысқа ерекше үлес қосты. Ансамбль әншілері бірнеше әнді әуелете орындап берді. Ардагерлер кеңесінің әрбір өткізген шарасында Гүлшекер Медешқызы белсенді үлес қосып келеді.

«Тегін білген тектілік», «Өнерлі өрге жүзер», «Ана көрген тон пішер», «Ойлы болсаң, озып көр», «Аспаздық шеберлігі», «Қылығына сай екен киімдері» – деп аталатын алты кезеңнен тұратын сынға ежелер мен келіндер үлкен ынтамен қатысты.

Ардагер ұстаздар мен мәдениет саласының



ардагерлерінен құрылған әділқазылар алқасы әр кезеңде қатысушының еңбегін бағалап, әділ бағасын беріп отырды. Сонымен байқау қорытындысында, Өтенай ауылынан қатысушы Қайыңш Ержанова – Баян Аржанова І орын алды. ІІ орынды Еркін ауылы атынан қатысқан Кляуза Саманова – келіні Мырзабекова Самал иеленсе, жүлделі ІІІ орындарға Ынтымақ ауылы сайыскерлері Балсұлу Утеулинова – келіні Елдана Байдалинова, сондай-ақ, Мойнақ ауылынан қатысушылар Камила Оралабай мен келіні Шолпан Жапар лайық деп табылды.

Дәнегүл СЕЙІТҚҰЛОВА,
Талдықорған қалалық ардагерлер
кеңесінің әжелер төрайымы

ДІН-ДІҢГЕК

Құрбан айт – мейірім мерекесі

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Баршаңызды исі мұсылман баласының ұлық мейрамы – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге Алладан амандық, мықты саулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін!

Алла қаласа, биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусымда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен, пәтуа шығару орталықтарымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады.

Шынмәнінде, Құрбанайт – жалаңқұрбандық емес, ол – ішкі жан-дүниені тазарту мен рухани тұрғыдан жаңғыру деген сөз. Құрбан айт тек құрбан шалумен шектелмейді. Бұл – ағайын арасын жақындата түсетін күн. Араздасқан адамдар татуласып, өзара кешірім жолын ұстанады. Айт күндері туысқанның басын қосып, қарым-қатынасты күшейткен абзал. Құрбан айт – отбасы құндылығын арттыратын мереке.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2025 жылды діни қызмет аясында «Ислам және отбасы құндылығы» жылы деп жариялады. Алла қаласа, игі бастама аясында қасиетті Құрбан айт күндері жүзеге асатын ізгі іс-шаралар отбасы құндылығын, жанұя жарасымын арттыруға бағытталады. Сіздерді де осы бастамамызға үн қосуға шақырамыз.

Халқымыз: «Жыртқық үйдің Құдайы бар» деген. Бұл – мұқтаж адамды қуанышқа бөлеген пенде міндетті түрде Алланың игілігіне кенеледі деген сөз. Алла Тағала шалған құрбандығымызды, берген садақамызды қабыл етіп, екі дүние нығметін нәсіп етпей! Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

(Толық нұсқасы www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында).

5 МАУСЫМ – ЭКОЛОГИЯ КҮНІ
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ПАРЫЗ!

2024 жылы қалдық шығарындыларының нақты көлемі 13,3 мың тоннаны құрады. Жылдық бекітілген лимит 45,1 мың тонна, 2023 жылы – 52,0 мың тонна болса, 2024 жылға шығарындылар лимиті 13,3%-ға азайды.

Қалдықтарды көмудің нақты көлемі 104,2 мың тоннаны құрады, жылдық бекітілген лимит 5125,8 мың тонна. 2024 жылға қалдықтарды көму лимиті 341%-ға артты. Бұл туралы Жетісу облысы Экология департаменті басшысының орынбасары Бекжанов Ерасыл Баратұлы айтып берді.

Қоршаған ортаны қорғау шараларына биылғы жылы жергілікті бюджеттен 65,0 млн. теңге бөлінген. 2024 жылы 44,7 млн. теңге игерілген (-31,2%). Объектілердің I, II категория операторларының экологиялық шараларына өз қаражаттары есебінен 351,5 млн. теңге жоспарланған, есепті кезеңде 197,2 млн. теңге игерілген (-43%). Шығарындылар, тегінділер және өндірістік қалдықтардың көлемінің өсу-кему себептері туралы да баяндалды. 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы көму лимиттері облыс бойынша артып отыр. Мәселен, ұлғаюдың себебі- «STS-Astana NS» ЖШС-іне экологиялық рұқсат берілуі, қалдықтарды көму көлемі 2024 жылға 4044,6 мың тонна болса, «Талдықорған Көркейту» ЖШС-іне экологиялық рұқсат беріліп, қалдықтарды көму көлемі 2024 жылға 18,7 мың тоннаны құрады.

Есепті кезеңде 7 талаптарға сәйкестік тексеруі жүргізіліп, 14 нұсқама беріліп, оның 7-еуі орындалды. Нәтижесінде 14 әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғалып, жалпы сомасы 10 288 779 351 теңге айыппұл салынды. Оның 2 122 900 теңгесі ерікті түрде өндірілді.

Сотпен 3 кәсіпорынға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылды. Барлық айыппұлдар ерікті түрде өндірілді.

Департаментпен рейдтік іс-шаралар нәтижесінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 324 және 344-баптары бойынша өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамағаны үшін 7 жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғалары (ауылдық округ әкімдері, Қаратал, Көксу, Панфилов аудандары әкімдері мен орынбасарлары) әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жалпы сомасы 664 560 теңге айыппұл салынып, 100% өндірілді.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 15 тамызда департаментпен Комитет төрағасының хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында БАҚ өкілдерінің қатысуымен Талдықорған қаласы мен Ескелді ауданындағы рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою мәселесі бойынша баспасөз туры ұйымдастырылды. Нәтижесінде бұл қоқыс орындары толығымен жойылды.

Есептік кезеңде жоғары ластану, экстремалды жоғары ластану және қолайсыз метеорологиялық жағдайлары тіркелген жоқ. Биыл да жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

ХИМИЯЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІКПЕН КҮРЕСТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Химиялық тәуелділікпен күрес кезінде психологиялық қолдау – бұл тәуелділіктен арылу жолындағы маңызды және ажырамас бөлігі. Қазақстанда бұл бағытта кешенді әдістер мен мемлекеттік стандарттар қолданылады.

Елімізде синтетикалық есірткілердің таралуы соңғы жылдары күрт өсті. ІІМ мәліметінше, соңғы төрт жылда олардың заңсыз айналымы 10 есеге артқан, ал жойылған есірткі зертханаларының саны 27 есеге көбейген.

Кең таралған түрлері: акльфа-PVP, мефедрон, экстази, спайс. Бұл заттар көбіне жасы-

рын зертханаларда өндіріледі және интернет арқылы таратылады.

Қауіптері: психикалық бұзылыстар, агрессия, галлюцинациялар, суицидтік ойлар, өлімге әкелуі мүмкін.

2023 жылы синтетикалық есірткілерден 300-ге жуық өлім жағдайы тіркелген. Қатаң заңнамалық өзгерістер, жасырын зертханаларды жою, жастар арасында алдын алу жұмыстары жүргізіліп келеді. Синтетикалық есірткілерге қарсы күрес – еліміздің денсаулығы мен болашағы үшін маңызды міндет. Химиялық тәуелділік – бұл тек физиологиялық емес, сонымен қатар психологиялық мәселе. Психологиялық қолдау адамның ішкі күйзелістерін, эмоциялық жарақаттарын және тәуелділікке итермелейтін себептерді анықтауға

көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен стандарттарға сәйкес, химиялық тәуелділікпен күрес кезінде келесі психологиялық әдістер қолданылады.

Жеке және топтық психотерапия: науқастың ішкі мәселелерін анықтап, оларды шешуге бағытталған.

Мотивациялық тренингтер: науқастың емделуге деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

Стресске төзімділік пен адаптациялық дағдыларды қалыптастыру: науқастың күнделікті өмірде кездесетін қиындықтарға қарсы тұру қабілетін арттырады.

Отбасылық терапия: науқастың отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын жақсартуға бағытталған.

Психологиялық кеңес беру: науқастың

эмоционалды күйін тұрақтандыруға көмектеседі.

Қазақстанда химиялық тәуелділікпен күресуге көмектесетін бірнеше мекеме бар. Бұл Психикалық денсаулық орталықтар – мемлекеттік мекемелер, онда тегін және анонимді көмек алуға болады.

Оңалту орталықтары, «Анонимді нарко-мандар» ұйымы: топтық қолдау арқылы тәуелділіктен арылуға көмектеседі.

Психологиялық қолдау – бұл тәуелділіктен арылудың маңызды кезеңі. Уақытында көрсетілген көмек адамның өмірін түбегейлі өзгертуге септігін тигізеді.

Меруерт ТУРДАШОВА,
Облыстық психикалық денсаулық орталығы, психолог

ОЖОГИ

Ожоги – это повреждения тканей, вызванные воздействием высокой температуры, химических веществ, электричества или радиации. Они могут варьироваться от легких до очень тяжелых и потенциально опасных для жизни.

ВИДЫ ОЖОГОВ:

▲ **Термические** – от кипятка, пара, огня, горячих предметов.

▲ **Химические** – от кислот, щелочей, химических реагентов.

▲ **Электрические** – от удара током, молнии.

▲ **Лучевые** – чаще всего солнечные ожоги или при радиационном облучении.

СТЕПЕНИ ОЖОГОВ:

▲ **I степень** – покраснение, боль, отек (поврежден только верхний слой кожи).

▲ **II степень** – пузыри, выраженная боль (загнаны более глубокие слои кожи).

▲ **III степень** – омертвление кожи, часто без боли (повреждение всех слоев кожи).

▲ **IV степень** – обугливание тканей, поражение мышц, костей (наиболее тяжелая).

ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ОЖОГАХ:

Прекратите воздействие источника (уберите пострадавшего от огня, химикатов и т.п.). Охладите место ожога под прохладной (не ледяной!) водой 10–20 минут.

Не прокалывайте пузыри и не сдирайте кожу.

Наложите стерильную сухую повязку.

При серьезных ожогах обратитесь за медицин-



Ожог I степени

Покраснение кожи в области повреждения

Ожог II степени

Кожа красная, присутствуют волдыри

Ожог III степени

Повреждены ткани под кожей (мышцы, связки, кости)

ской помощью.

Не используйте масло, жир, зубную пасту и другие «народные средства» – они могут усугубить повреждение.

ПРОФИЛАКТИКА ОЖОГОВ:

▲ В быту:

Храните горячие жидкости вне досягаемости детей.

Не оставляйте плиты и утюги без присмотра.

Используйте защиту на розетках и электрических приборах.

▲ На работе:

Используйте спецодежду и средства индивидуальной защиты.

Соблюдайте технику безопасности при работе с химикатами и нагревательными приборами.

▲ На солнце:

Используйте солнцезащитные кремы.

Избегайте длительного пребывания на солнце с 11:00 до 16:00.

Подготовили мед.сестры «Многопрофильной областной детской больницы»
К.ИСАБЕКОВА, М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА

▲ Legionella pneumophila

СИМПТОМЫ ПНЕВМОНИИ У ДЕТЕЙ

Симптомы зависят от возраста и типа возбудителя, но часто включают:

▲ Высокая температура (до 39-40°C);

▲ Кашель (сухой или с мокротой);

▲ Одышка, учащенное дыхание;

▲ Боли в грудной клетке;

▲ Общая слабость, вялость;

▲ Потеря аппетита;

▲ У грудных детей – вздутие грудной клетки при вдохе, посинение губ (цианоз), судороги.

При приступообразном кашле, который сопровождается шумным дыханием на выдохе и повышенной утомляемостью ребенка, нужно обратиться к врачу

ПРОФИЛАКТИКА

▲ Вакцинация (против пневмококка, гриппа, коклюша);

▲ Грудное вскармливание;

▲ Избегание курения родителей;

▲ Закаливание и полноценное питание.

Подготовили мед.сестры «Многопрофильной областной детской больницы»
К.ИСАБЕКОВА, М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА

- Общее ухудшение состояния.

Период пигментации (восстановительный):

- Сыпь темнеет, может шелушиться;

- Улучшение общего состояния.

ПРОФИЛАКТИКА КОРЬ:

1. Вакцинация – основной метод профилактики

Используется живая аттенуированная коревая вакцина (часто в составе вакцины КПК — корь, паротит, краснуха)

Схема вакцинации:

1-я доза: в 12 месяцев;

2-я доза: в 6 лет (перед школой).

Взрослым, не болевшим корью и не привитым, рекомендуется вакцинация в любом возрасте.

2. Экстренная профилактика:

В течение 72 часов после контакта с больным можно ввести вакцину;

Альтернатива – введение иммуноглобулина в первые 6 суток (особенно у детей до 1 года, беременных, иммунокомпрометированных).

3. Карантин и изоляция заболевших:

Больной заразен за 4 дня до и до 4 дня после появления сыпи;

Контактные лица – под медицинским наблюдением 21 день.

Подготовили мед.сестры «Многопрофильной областной детской больницы»
К.ИСАБЕКОВА, М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА

ЭТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ

В РАБОТЕ МЕДСЕСТРЫ

Этика – это основа, на которой строится работа каждой медсестры. Ведь работа с людьми, особенно с больными и уязвимыми, требует не только профессиональных знаний, но и человечности, сочувствия и внутренней порядочности.

Медсестра ежедневно сталкивается с моральными дилеммами: сказать или промолчать, вмешаться или нет, поступить по инструкции или по совести. Именно этические принципы помогают сделать правильный выбор. Первый и главный принцип – уважение к личности пациента.

Независимо от возраста, национальности, социального статуса или диагноза, медсестра обязана относиться к каждому пациенту с уважением и добротой. Пациент не просто тело, нуждающееся в уходе, – это человек со своими переживаниями, страхами и надеждами. Медсестра должна уметь выслушать, поддержать и не допустить грубого отношения, даже если у нее плохое настроение или усталость. Следующий важный принцип – конфиденциальность.

Всё, что касается здоровья пациента, должно оставаться строго между ним и медицинским персоналом. Рассказывать о диагнозах, лекарствах или личной жизни пациента посторонним – это грубое нарушение этики. Даже если медсестра случайно услышала что-то

от пациента, она обязана хранить это в тайне.

Также медсестра обязана соблюдать принцип честности и правдивости. Она не имеет права обманывать пациента, скрывать информацию или вводить в заблуждение. Конечно, есть ситуации, когда информация подаётся более эффективно. Этика также требует справедливости – не выделять «любимых» пациентов и не относиться предвзято. Всем нужно помогать одинаково, не смотря на настроение, внешний вид или поведение больного. Даже если пациент грубит или раздражает, профессионализм требует сдержанности и уважения.

Особенно важно соблюдать профессиональные границы. Медсестра не должна переходить в «дружеские» или «личные» отношения с пациентами. Это может повлиять на качество ухода и нарушить баланс доверия. Четкое соблюдение дистанции помогает сохранить уважение и профессионализм в любых условиях. Таким образом, этические принципы – это как компас для медсестры. Они направляют ее поведение в сложных ситуациях и делают её не просто исполнителем медицинских процедур, а настоящим защитником человеческого достоинства. Без этики невозможно представить ни одну сферу медицины, а особенно – такую человеческую и близкую, как работа медсестры.

РОЛЬ МЕДСЕСТРЫ В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

В современном мире роль медсестры значительно изменилась и вышла далеко за пределы простого выполнения назначений врача. Медсестра – это не просто помощник, а полноценный участник медицинского процесса, без которого невозможно качественная помощь пациенту. Сегодня от медсестёр требуется не только знание базовых процедур, но и высокий уровень профессионализма, стрессоустойчивость, быстрая реакция, а также умение общаться с пациентами и их родственниками.

Одной из ключевых задач медсестры является обеспечение ухода за пациентами. Это включает в себя контроль состояния больного, регулярное измерение жизненных показателей, уход за кожей, катетерами, ранами и дренажами. Медсестра играет роль «глаз и ушей» врача, своевременно сообщая об изменениях в состоянии пациента. Без этой информации врач не сможет принять правильное решение, особенно в критических ситуациях.

Кроме того, современная медсестра активно участвует в профилактической работе – объясняет пациентам правила приема лекарств, питания, гигиены, режима сна и физической активности. Именно медсестра чаще всего находится рядом с пациентом и может донести важную информацию понятным языком, проявить заботу и внимание, которые необходимы для выздоровления. Также в условиях растущего числа хронических заболеваний и пожилых пациентов медсестра становится незаменимым специалистом в вопросах длительного

ухода. Она помогает обучать родственников основам ухода, показывает, как правильно обращаться с медицинским оборудованием на дому, следит за приемом лекарств.

Нельзя забывать, что в экстремальных условиях – при чрезвычайных ситуациях, катастрофах и массовых госпитализациях – медсестра остаётся на передовой. Её действия должны быть четкими, быстрыми и организованными, ведь от них зависит жизнь многих людей.

Таким образом, роль медсестры сегодня – это нечто большее, чем выполнение указаний. Это миссия, требующая знаний, терпения, сострадания и высокой ответственности. Общество должно понимать ценность этой профессии и уважать труд тех, кто каждый день спасает жизни и облегчает страдания.

Сандуаш ТУРГЫНБАЕВА,

медсестра

ГКП на ПХВ Каратальская ЦРБ,

Ботагоз КИРЫБАЕВА,

медсестра ОО Жетісу Жау-Шуақ

дом инвалидов

ДІН-ДІҢГЕК

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ – УӘЖІП



Керімбек Сәрсембайұлы: «Биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 5 маусым – Арафа күнінен басталып, 6, 7 және 8 маусым күндері аталып өтеді. Облыс аумағында айт намазы 6 маусым күні таңғы сағат 06:00-де оқылады. Құрбан шалу рәсімі 3-бөлімшеде орналасқан мал сою бекетінде ұйымдастырылады. Мереке аясында құрбандық шалуды онлайн форматта өткізу мүмкіндігі қарастырылған. Азаматтар qurban.tiifyat.kz ресми сайты арқылы өз өңірін таңдап, құрбан шалуға өтініш бере алады. Сондай-ақ, осы сайт арқылы ет алуға өтініш қалдырып, рәсімнің орындалуы туралы есеп алуға болады. Барлық ақпарат WhatsApp арқылы жіберіледі. Құрбан айт мерекесінде Онлайн және Офлайн режимдерінде құрбан шалынып, мұқтаж азаматтарға ет таратылды».

Жалпы қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, резонанстық жағдайға жол бермеу

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жетісу облысы бойынша бас имамы Керімбек Дәуітов пен «Жетісу облысының діни істері басқармасы» ММ басшысы Сағыныш Жаңабай Журналистер үйінде Құрбан айт мерекесін ұйымдастыру және өткізу турасында баяндады.

және құрбан айтты өткізу бойынша тиісті жоспар бекітіліп, жұмыс жүргізілуде. Белгіленген орындарда мал сатылуы мен сойылуын анықтап және ол туралы тұрғындарды алдын ала хабардар ету, мал сою орындарындағы санитарлық-ветеринарлық нормалардың, өрт қауіпсіздігі сияқты талаптардың сақталуын қадағалап, құрбан шалудың тәртібі бағытында ақпараттар әлеуметтік желілерге орналастырылуда.

Жалпы айтқанда, облыс аумағында Құрбан айтқа қасапхана ретінде 14 орын белгіленген. Талдықорған қаласы бойынша 3-бөлімшеде орын белгіленген.

Құрбан айт кезіндегі рәсімдерде ысырапшылдыққа жол берілмеуі керек. Шалынған құрбандық еттері ҚМДБ имамдары және еріктілер арқылы мұқтаж отбасыларға үлестірілетін болады.

Данагүл МӘКЕН



ВЕТЕРИНАРИЯ: КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Талдықорғанда «VETERENARUS OPEN ZHETYSU -2025» республикалық кәсіби шеберлік байқауы өтті. Жетісу облысының Білім басқармасы мен «Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МҚК бірлесіп өткізген шара техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттердің кәсіби шеберлігін арттыруды, шығармашылығын дамытуды және тәжірибе алмасуға жағдай жасауды көздеді. Сонымен қатар ветеринария мамандығының қоғамдағы беделін көтеру де басты мақсат болды.

Байқауға еліміздің өзге өңірлерінен 9 үздік студент қатысып заманауи технологияларды қолдана отырып, нақты практикалық тапсырмаларды орындады. Қатысушылар өз білімдерін, кәсіби дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін паш етіп, әділ қазылар алқасының алдында сынға түсті. Қазылар алқасы құрамында Жетісу облысының Ветеринария басқармасы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті, Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясы, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, Жетісу облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мамандары сайыскерлердің біліктілігі мен білімін анықтады. Сонымен байқауда Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжінің білімгері Абдулманап Нұрсұлтан Қанатұлы I дәрежелі дипломды иеленді. Ал, II дәрежелі дипломға – Құлан агротехникалық жоғары колледжінің білімгері Камидулла Ернар мен Талғар агробизнес және менеджмент колледжінен Нұрлан Ермұхаммед Ермеқұлы ие болды. III дәрежелі диплом Тараз инновациялық көпсалалы

колледжінің студенті Едіге Өсерұлы мен Қаппанбек жоғары аграрлық колледжінен Қармыз Кенжебекке табысталды.

Сондай-ақ, арнайы номинациялар иегерлеріне сыйлықтар табысталды. «Талапты жас маман» атағын Нұртілеу Мәди Ержанұлы, Расул Сейтқамалов иеленді. Ал, «Үздік болашақ ветеринар» аталымында Жеңісбек Жанбатұлы үздік атанды.

Байқау биылғы Жұмысшы мамандықтар жылы және Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжінің 80 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар болашақ ветеринар мамандардың кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына және салада бәсекеге қабілетті кадрларды анықтауға зор мүмкіндік береді. Ұйымдастырушылар байқауға белсене қатысқан барлық студенттер мен олардың жетекшілеріне алғыс айтып, келешекте де осындай кәсіби сайыстардың жалғасын табатынына сенім білдірді.

Майра ЕРЖИГОВА,
Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ

Әрекетке қабілетсіз кәсіпкерлерге қолдау азаматтарға қорғаншылық белгілеу туралы ақпаратты енді eGov Mobile қосымшасы арқылы «Цифрлық құжаттар» бөлімінде алуға болоды.

Құжат ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің барлық тіркелген қорғаншылар мен қамқоршыларды, сондай-ақ олардың қамқорлығындағы азаматтарды есепке алатын ақпараттық жүйесінің деректері негізінде автоматты түрде қалыптастырылады. Ол мынадай мәліметтерді қамтиды: ЖСН, қорғаншы мен қамқоршылыққа алынушының Т.А.Ә., туған күні, жергілікті атқарушы органның бұйрығының нөмірі мен күні, «Күні жарамды» өрісінің болуы. Құжатты қызметтерді алу, әртүрлі ұйымдарға хабарласу және

т.б. кезінде көрсетуге болады.

Жаңа цифрлық құжат ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету комитеті, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ арасындағы ынтымақтастық аясында жүзеге асырылды.

Дереккөз: ҚР Еңбек және халықты қорғау министрлігінің ресми сайты.

БӘЙГЕ

Өтетін орны: **Талдықорған ипподромы**
Өтетін күні: **7 маусым 2025 жыл**
Басталуы: **сағат 10:00**



Тіркелу үшін: **+7 (707) 479-99-55 хабарласуыңызды сұраймыз**

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Талдықорған қаласы атбегілерінің ұйымдастыруымен және қала әкімдігінің қолдауымен өтетін «Құрбан айт» мерекесіне арналған бәйге жарысын тамашалауға шақырамыз!

Дүбірлі додада шабандоздар келесі қашықтықтар бойынша бақ сынайды: Аламан бәйге – 18 км, Құнан бәйге – 7 км, Ұшқыр бәйге – 5 км.

Жүлде қоры төмендегідей:

Аламан бәйге:
1-орын – **600 000** теңге
2-орын – **400 000** теңге
3-орын – **200 000** теңге

Құнан бәйге:

1-орын – **400 000** теңге
2-орын – **200 000** теңге
3-орын – **100 000** теңге

Ұшқыр бәйге:

1-орын – **100 000** теңге
2-орын – **50 000** теңге
3-орын – **30 000** теңге

*Келіңіздер, көріңіздер,
ұлттық спортты бірге қолдайық!*

МӘМС АЯСЫНДА ПСИХОЛОГ КӨМЕГІН АЛУҒА БОЛА МА?

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



Психологиялық немесе психотерапиялық кеңес – мамандандырылған медициналық көмектің бір түрі. Бұл көмек нақты диагностика мен емдеуді, медициналық оңалтуды қажет ететін ауруларда сондай-ақ, телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетіледі.

Пациент психолог қызметін өз емханасы деңгейінде келесі бағыттар бойынша ала алады:

► психологтың қабылдауы;
► балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша сабақтар өткізу;

► мінез-құлықтық және психобелсенді бұзылыстарға күдік туған жағдайларда қабылдау;

► әлеуметтік бейімделу, жас ерекшелігіне сай қиындықтар бойынша кеңес беру;

► созылмалы аурулары бар пациенттерге өзін-өзі басқару тәсілдерін үйрету;

► жүкті әйелдерге, жасөспірімдерге және жастарға, Жастар денсаулық орталықтарында қызмет көрсету.

Психологтың консультациясы ТМҚК, МӘМС жүйесі аясында да қолжетімді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №596 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.